

## **«КАДАСТР» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

**Білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері.** Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаттары:

1. Кадастр бакалаврларының – болашақ мамандардың негізгі кәсіптік құзіреттіліктерін қалыптастыру;
2. Экспериментті оның барлық кезеңдерінде жүргізу шеңберінде студенттердің өзіндік ізденіс-зерттеу қызметі үшін алғышарттар құру;
3. Ғылыми-техникалық ақпаратмен жұмыс істей білу, кәсіптік қызметте отандық және шетелдік тәжірибені қолдану, алынған ақпаратты жүйелеу және жалпыландыру.

Мақсаттарға қол жеткізу үшін келесі міндеттерді шешу керек:

- Инновациялық білім беру ортасын құру;
- Білім беру кеңістігін кеңейту;
- Ғылыми жұмысқа дарынды жастарды қатыстыру;
- Оқытылатын тілдер спектрін кеңейту мақсатында көптілді білім беруді дамыту;
- Кадрлық потенциалды дамыту.

**Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы.** «Кадастр» мамандығы бойынша мамандарды дайындау 2 бағыт бойынша жүзеге асырылады: бакалавриат және магистратура.

5B090700–«Кадастр» мамандығы бойынша кадрларды дайындау 2008 жылдың «2» шілдесіндегі АБ № 0062189 (мерзімсіз) мемлекеттік лицензия негізінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігінің Бақылау жөніндегі Комитетінің 2008ж. «01» шілдесіндегі № 804 Бұйрығына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырылады.

6M090700–«Кадастр» мамандығы бойынша кадрларды дайындау 2011 жылдың «14» сәуіріндегі АБ № 0062189 (мерзімсіз) мемлекеттік лицензия негізінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігінің Бақылау жөніндегі Комитетінің 2011 ж. «14» сәуіріндегі № 233 Бұйрығына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырылады.

6M090700–«Кадастр» мамандығының оқу жұмыс жоспары мамандандырылуға бөлінбейді. 5B090700–«Кадастр» мамандығының оқу жұмыс жоспары екі білім беру бағдарламасынан тұрады:

1. Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті бағалау;
2. Табиғи ресурстар кадастры.

Білім алу аяқталғаннан кейін бакалавр түлектеріне 5B090700–«Кадастр» мамандығы бойынша қызметтер саласындағы бакалавр – академиялық деңгейі, магистратура - 6M090700–«Кадастр» мамандығы бойынша ғылым магистрі академиялық деңгейі беріледі.

**Біліктілік сипаттамасы.** «Кадастр» мамандығының бакалавр және ғылым магистрлерінің кәсіптік қызметінің салалары мыналар болып табылады:

- Мемлекеттік органдар құрамында жер-мүліктік қатынастарды реттестіру;
- Жылжымайтын мүлік нысандарына құқықты тіркеу, есепке алу және кадастрлық бағалау;
- Кадастрды геодезиялық және картографиялық қамтамасыз ету;
- Жер учаскелерін және жылжымайтын мүліктің бсқа да нысандарына меншік құқығын табыстау, оларды жалға алу және пайдаланылуын бақылау бойынша құқық қолданушылық қызмет;
- Жер-мүліктік жиынтық құрамындағы риэлтрлік, бағалау және консалтингтік қызмет;
- Педагогикалық және ғылыми қызмет (тек қана ғылым магистрлеріне).

Бакалаврдың кәсіптік қызметінің нысандары: әр түрлі халық шаруашылығының салаларында қолданылатын жер ресурстары, оларды жер санаттары, меншік иелері және

жер пайдаланушылар бойынша бөлу, жер пайдаланудың құқықтық режимі, сандық және сапалық сипаттамалары, олардың жағдайы мен қолданылуын мемлекеттік бақылау және басқару, сонымен қатар қалалар және басқа да елді мекендердің шекарасында орналасқан жер учаскелерін қосқандағы жылжымайтын мүлік нысандары, олардың құқықтық мәртебесі, тіркеу, бағалау, қолданылуын бақылау; қалалық орта; кадастрлық ақпараттық жүйелер; жобалық-техникалық құжаттама.

**Жұмысқа орналасу перспективасы.** «Кадастр» мамандығының түлегі міндетті:

1. Мына жағдайларға қатысты сұрақтарды өзіндік шешуге қабілетті болуға:
  - ақпаратты жинау, талдау және интерпретациялау (құралдық күзіреттілік);
  - идеяларды дайындау және сыни тұрғыдан дәлелдеу (тұлға аралық күзіреттілік);
  - өзіндік ынталандыру және басқару (жүйелік күзіреттілік);
2. Әр түрлі жағдайларда тиімді пайдалана білуге қабілетті болуға :
  - өзінің интуициясын пайдалана алу (құралдық күзіреттілік);
  - өзінің эмоционалдық түсінігін пайдалана алу (тұлға аралық күзіреттілік);
  - жаңа өзгеретін жағдайларға бейімделе отырып, жылдам жұмыс істей және ойлай алу (құралдық және тұлға аралық күзіреттілік);
  - бақылай алу қабілеттілігі және күйзелістің алдын-алу, сонымен қатар орындау қызметімен байланысты физиологиялық қажеттіліктерді басқара алу (тұлға аралық күзіреттілік);
3. Істей алуы керек:
  - өзіне сыни көзқараспен қарау (тұлға аралық күзіреттілік);
  - жұмыста басқалармен сыни қабілеттерін конструктивті қолдана алу (тұлға аралық күзіреттілік);
  - жұмысқа қатысты әлеуметтік, ғылыми және этикалық тақырыптарға ойлана алу (жүйелік күзіреттілік);
4. Қабілеттілікті қосқандағы, коммуникативті және әлеуметтік дағдыларға ие болу:
  - бірлескен жобалар мен шараларда басқалармен жұмыс істеу (тұлға аралық күзіреттілік);
  - командалық жұмыс, келісім сөздер және ұйымдастыра алу дағдыларын көрсету (тұлға аралық күзіреттілік);
  - әр түрлі мәдени контекстерде басқалармен бірігу (тұлға аралық күзіреттілік);
  - жұмысты қол жетімді формада көрсету (тұлға аралық күзіреттілік);
  - қазақша, орыс және шетел тілдерінде ауызша және жазбаша коммуникация (тұлға аралық күзіреттілік);
  - жаңалықтар мен өзгерістерге позитивті қабылдау (тұлға аралық күзіреттілік);
5. Білу және түсіну керек:
  - жер қатынастарын реттестіру саласындағы ҚР заңнамасын;
  - жобалау әдістерін және технико-экономикалық есептеулерді жүргізу;
  - жер, қала құрылыс, орман, су және кадастрдың басқа да түрлерінің қағидаларын;
  - жер, қала құрылыс, орман, су және кадастрдың басқа да түрлерінің әдістемелік және нормативтік материалдарын;
  - жобалық-сметалық құжаттамаларды дайындау және рәсімдеу бойынша стандарттарды, техникалық жағдайларды, басқа да материалдарды, жер және қала кадастрындағы жобалаудың техникалық құралдары.